

В ИСТОРИИ НАШЕЙ СТРАНЫ РАНЕЕ НЕ БЫЛО СЛУЧАЕВ, КОГДА ОДНОВРЕМЕННО ПРОВОДИЛАСЬ МОДЕРНИЗАЦИЯ 121 ВОКЗАЛА. ЭТОТ ВАЖНЫЙ ПРОЕКТ, РЕАЛИЗУЕМЫЙ ПО СПЕЦИАЛЬНОМУ ПОРУЧЕНИЮ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА, НЕОБХОДИМО ВЫПОЛНИТЬ КАЧЕСТВЕННО И В УСТАНОВЛЕННЫЕ СРОКИ. ПОРУЧАЮ РУКОВОДСТВУ АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» В КРАТЧАЙШИЕ СРОКИ ЗАВЕРШИТЬ РАБОТЫ НА ВОКЗАЛЕ АЛМАТЫ-1. АКИМАТ ГОРОДА ДОЛЖЕН ЕЖЕДНЕВНО КОНТРОЛИРОВАТЬ ХОД И ТЕМПЫ РАБОТ.

Нурлыбек НАЛИБАЕВ,
первый заместитель Премьер-министра РК



№38 (3185)
19/05/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ЖЕЛЕЗНЫЕ ДОРОГИ СНГ УСИЛИВАЮТ ИНТЕГРАЦИЮ

В Ашхабаде состоялось 84-е заседание Совета по железнодорожному транспорту государств – участников Содружества. В центре внимания – развитие международных транспортных коридоров, совершенствование грузовых и пассажирских перевозок, цифровизация отрасли и укрепление взаимодействия между железнодорожными администрациями.

13-14 мая 2026 года в Ашхабаде прошло 84-е заседание Совета по железнодорожному транспорту государств – участников Содружества. В работе Совета приняли участие руководители железнодорожных администраций стран СНГ, а также ассоциированные члены Совета и представители международных организаций. Делегацию АО «НК «ҚТЖ» возглавил заместитель председателя Ануар Ахметжанов.

Одной из центральных тем заседания стали итоги эксплуатационной работы сети железных дорог за 2025 год и первый квартал 2026 года. Железнодорожным администрациям удалось сохранить устойчивость перевозочного процесса и обеспечить выполнение ключевых обязательств.

Особое внимание Совет уделит контейнерным перевозкам и организации движения специализированных международных поездов. По итогам 2025 года объем контейнерных перевозок превысил принятые плановые показатели на 3,9%, а в первом квартале 2026 года – еще

на 1,6%, что подтверждает устойчивый спрос на данный сегмент международных перевозок и эффективность принимаемых мер по развитию контейнерной логистики.

Отдельным блоком на заседании рассмотрены вопросы пассажирского комплекса. По итогам 2025 года в международном сообщении между странами СНГ перевезено 10,5 миллиона пассажиров (12,6% к уровню 2024 года). Рост отражает устойчивое восстановление и развитие международных пассажирских перевозок на сети железных дорог Содружества.

Совет принял ряд решений, направленных на дальнейшую цифровизацию пассажирских перевозок. С июля 2026 года отчетность по международным пассажирским перевозкам будет формироваться исключительно в системе Express International. Это позволит ускорить взаиморасчеты между администрациями и повысить прозрачность процессов.

В ходе заседания участники также одобрили проект



Концепции развития железнодорожных международных транспортных коридоров в рамках Совета. Документ предусматривает дальнейшее развитие транзитного потенциала, совершенствование инфраструктуры и координа-

цию работы железных дорог на ключевых евразийских направлениях.

Значительное внимание уделено нормативной базе развития. Совет утвердил изменения в ряд межгосударственных документов,

касающихся технического обслуживания подвижного состава, международных пассажирских перевозок, тарифной политики и работы инфраструктурных подразделений.

Руслан РАХМЕТОВ

ЖЕДЕЛ ШТАБ ҚҰРЫЛДЫ



Қазақстан темір жолы алаңында теміржол вокзалдарын жаңғыртуды үйлестіру және жеделдету жөніндегі жедел штаб құрылды. Оның құрамына жергілікті атқарушы органдардың, техникалық және авторлық қадағалаудың, мердігерлік ұйымдардың және компанияның бейіндік бөлімшелерінің өкілдері кірді.

Қазақстанда 120 астам теміржол вокзалын жаңғырту жалғасуда. Нысандардың бір бөлігі, атап айтқанда Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында бірқатар вокзалдардағы жұмыстар соңғы кезеңге өтті. Аталған өңірлердегі вокзалдарды жаңғырту жұмыстары жергілікті атқарушы органдармен және мердігерлік ұйымдармен тығыз үйлесімде жүргізіліп келеді. Вокзалдарды салу және жаңғырту – процестің барлық қатысушыларының жұмысын нақты үйлестіруді талап ететін кешенді жұмыс.

Дайындықтың ең жоғары деңгейі Ақмола облысында тіркелді, онда бірден бес вокзал пайдалануға берілді. Макинка, Бурбай курорты, Жақсы және Шортанды станцияларында нысандардың дайындығы 98% құраса, ал Сарыоба станциясында – 99%. Өңірдің ең ірі нысаны – Көкшетау станциясының вокзалын жаңғырту жоғары қарқынмен аяқталуда.

Солтүстік Қазақстан облысында Жаңасіл, Тайынша және Саумалкөл станцияларының вокзалдары 92%-тен 98%-ке дейін дайындықпен аяқталуға жақын, ал Қостанай облысында 98% дайындықпен Аманқарағай, Құсмұрын және Тобыл станциялары құрылыстың соңғы кезеңінде тұр. Қызылорда облысында Жаңақорған, Шилелі, Қазалы және Сексеуіл станцияларының вокзалдарында жұмыстың соңғы кезеңіне қол жеткізілді.

Батыс Қазақстан облысында Қазақстан, Семіглавай Мар және Шыңғырлау станциялары аяқталуға жақын, онда құрылыс дайындығы 93-99% жетті. Сонымен қатар Орал және басқа да объектілерді қоса алғанда ірі тораптық вокзалдарда жұмыстар жалғасуда.

Жаңғырту шеңберінде вокзал ғимараттары, инженерлік желілер, платформалар мен іргелес аумақтар жаңартылады, заманауи навигациялық жүйелер енгізіледі және ерекше қажеттілігі бар жандар үшін кедергісіз орта құрылады. Жұмыс аяқталғаннан кейін жолаушылар заманауи күту залдарын, жақсартылған санитарлық жағдайларды және көліктік қызмет көрсетудің өзекті стандарттарына сәйкес келетін инфрақұрылым қызметтерін ала алады. Жедел штаб әкімшілік кедергілерді алып тастауға, қабылдау-тапсыруды келісу рәсімдерін жеделдетуге, сондай-ақ нысандарды пайдалануға беру үшін барлық ұйымдастырушылық мәселелердің уақытылы шешілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ислам ТАЛҒАТ

СЕЗОННАЯ РЕВИЗИЯ



Локомотивы и моторвагонный подвижной состав готовят к летним условиям работы на предприятиях ТОО «Қамқор Локомотив».

Ранее в филиалах компании стартовал весенний комиссионный осмотр тягового подвижного состава, в том числе ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» и моторвагонного подвижного состава филиала АО «Пассажирские перевозки» – «Пригородные перевозки». Он включает выполнение текущего ремонта в объеме ТО-3, ТО-6/ТР-1. В ходе работ проводится комплексная ревизия всех узлов и агрегатов, ходовой (экипажной) части и другие необходимые мероприятия.

ТОО «Қамқор Локомотив» заблаговременно обеспечило филиалы всеми необходимыми ресурсами: смазочными материалами, запасными частями, комплектующими и инвентарем.

В целом подготовить к летнему периоду планируется 372 единицы локомотивов, из них на тепловозной тяге – 124 единицы, электровозной – 221 единица, а также 27 единиц электропоездов.

В ТОО «Қамқор Локомотив» отметили, что обеспечение летних перевозок и соблюдение графика движения пассажирских поездов исправным и надежным в эксплуатации локомотивом являются главной задачей компании.

Любовь РОББА

Тасымал

САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ОҢ НӘТИЖЕ БАЙҚАЛАДЫ

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты негізгі жолдардың пайдалану ұзындығы мың шақырымнан асып, сапалық көрсеткіштері де жақсарған. Бұл өз кезегінде жүк айналымының кедергісіз жүзеге асуына, артуына ықпал етіп отыр. Мәселен, биылғы төрт айдағы жүк айналымына назар аударар болсақ, жоспар артығымен орындалып, көрсеткіш 2 млн 580 мың тоннаға жеткен.

Шахидә ЖҰМАН,
Маңғыстау



Жүк тиеу жұмыстары да қыс айларында сәл-пәл бәсеңдеп, жалпы жоспарды орындау 99 пайызды көрсеткенмен, сәуір айында нәтиже жақсара түскен. Өткен айда күніне 105 вагон тиеу жоспары артығымен орындалып, 127 пайызды көрсеткен. Жүк түсіру барысында да көрсеткіштер жоғары. Тәулігіне түбек теміржолына 267 вагон жүк түсірілген. Қалған көрсеткіштер де жүз пайыздың үстінде жүзеге асырылған.

Ақтау порты бойынша төрт айда 44 кеме жүк тиеліп, жіберілген. 143 мың тонна бидай тасымалданған. Ал Құрық портында 29 кеме жөнелтіліп, 101 мың тонна жүк шетел асқан. Ауа райының қолайсыздығына, 53

күн дауыл болуына қарамастан ауыстырып тиеу жұмыстары жалғасып, қорытындысы осылай жоғары деңгейге жеткен.

Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары бойынша контейнерлік кемелер көбейіп, аталған мерзімде осы бағытпен 85 кеме жүк жөнелтіліп, 15 275 контейнер ауыстырып тиелген.

Құрық портынан 3218 вагон ауыстырып тиеліп, 253 мың

тонна жүк тасымалданған. Портқа дейінгі станцияда ашылған жаңа терминалдың да жұмысы жандана түскен. Бұл нысан арқылы өткен жүктер көлемі бытырғыға қарағанда артып, он кеме осы жерден жөнелтілген.

Түбек теміржолының тасымалын арттырып отырған тағы бір нысан – қайта ашылғанына көп бола қоймаған Бейнеу астық

терминалы. Аталған кәсіпорын бір ғана сәуір айында 21 вагон жүк түсірген. Төрт вагон тиен, экспорттаған.

Жоғарыда атап өткеніміздей, жүк тасымалына әсер ететін алыштардың ең маңыздысы жолдың жағдайы мен күтіп ұсталуы болғандықтан түбектік теміржолшылар бұл бағытта да жұмыстарын жандандырып отыр. Қазірде магистральдық желі бөлімшесіне қарасты негізгі пайдаланудағы жолдардың 547,1 шақырмы ПЧ-12 Бейнеу, 533,6 шақырмы ПЧ-13 Маңғыстау жол дистанцияларына тиесілі. Бұл аталған жолдарда бағыттамалық бұрмалар саны 690 жиынтыққа, теміржол өткелдерінің саны 60-қа жеткен. Жүзден астам темірбетонды көпірлер мен бес жүзге жуық темірбетонды құбырлар қызмет көрсетіп тұр.

Биыл бөлімше жолдарының біраз бөлігінде өткізу сапасы тағы да жақсаратын болады. Күйкен – Бекет 2 – Бекет 3 аралығында 32,167 шақырым жол күрделі жөндеуден, станциялық жолдардың 16,984 шақырмы күшейтілген орташа жөндеуден өткізіледі деп жоспарланған. Бағыттамалық бұрмаларды 16-сын жаңасыммен ауыстыру, 56 шақырым жолға малға қарсы қоршау салу, мың шақырымнан астам аумақтағы қоршауларды жөндеу межелісі қойылған.

Суретті түсірген автор

ЛОГИСТИКА БЕЗ ГРАНИЦ

Перспективы развития Транскаспийского международного транспортного маршрута, вопросы цифровизации логистики и укрепления международного сотрудничества стали центральными темами Первого Казахстанско-Германского транспортно-логистического форума, прошедшего в Алматы.

Заместитель генерального директора Союза транспортников Казахстана Kazlogistics Жаслан Жағпаров выступил в рамках панельной дискуссии «Развитие Среднего коридора» на Первом Казахстанско-Германском транспортно-логистическом форуме «Цифровизация, человече-

ский капитал, транзитные возможности», который состоялся на площадке Satbayev University.

В ходе дискуссии участники обсудили актуальные вопросы развития Транскаспийского международного транспортного маршрута, известного как Средний коридор, а также укрепления транспортной взаимосвязанности между странами Центральной Азии, Южного Кавказа и Европы. Отдельное внимание было уделено цифровизации логистических процессов, повышению эффективности перевозок и дальнейшему развитию транзитного потенциала региона.

Участники форума подчеркнули важность международного партнерства, подготовки квалифицированных кадров и внедрения современных логистических решений для устойчивого развития транспортной отрасли.

Организаторами мероприятия выступили Bundesvereinigung Logistik, Satbayev University и Германское общество по международному сотрудничеству GIZ.

Айлин БАУРЖАН



Дияр НУСПҚОЖАНОВ,
«Жолаушылар тасымалы» АҚ басқарма төрағасы:

ЖЫЛ САЙЫН ЖАЗ МАУСЫМЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫНА СУРАНЫС АРТАДЫ. ӘСІРЕСЕ КУРОРТТЫҚ АЙМАҚТАР МЕН ІРІ ҚАЛАЛАРҒА ҚАТЫНАЙТЫН БАҒЫТТАРҒА СУРАНЫС ЖОҒАРЛА. ОСЫ КЕЗЕҢДЕ ЖОЛАУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҮШІН 2 МЫҢНАН АСТАМ ВАГОН, ОНЫҢ ІШІНДЕ СТАНДАРТТЫ ВАГОНДАР, «ТАЛҒО» ҚҰРАМДАРЫ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ПОЙИЗДАРЫ ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ. ВАГОНДАРДЫҢ 86 ПАЙИЗЫ АУА БАПТАУ ЖҮЙЕСІМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН. БАРЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМДА ЖАЗҒЫ ТАСЫМАЛҒА АЛДЫН АЛА ДАЙЫНДАП, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ТЕКСЕРІСТЕН ӨТКІЗІЛДІ.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ
84 млн тонн

ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО НА СЕТИ ҚТЖ ЗА ПЕРВЫЕ ЧЕТЫРЕ МЕСЯЦА 2026 ГОДА.

В ЛЕТНИЙ ПЕРИОД 2026 ГОДА НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕРЕВОЗЧИК ПЛАНИРУЕТ ПЕРЕВЕЗТИ ПОРЯДКА

4,2 млн ПАССАЖИРОВ.

ПО СОСТОЯНИЮ НА 14 МАЯ НА СЕТИ ҚТЖ МОДЕРНИЗИРОВАНО

1 003 км ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПУТЕЙ.

ӨНЕР МЕКТЕБІ САЛЫНУДА

Нұрбек БЕКЕН,
Астана



Ақтөбе облысының Шалқар қаласында жаңа өнер мектебінің құрылысы басталды. Жоба өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық білімі үшін заманауи жағдайлар жасауға бағытталған.

Бұл әлеуметтік жоба «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның Wabtec корпорациясымен стратегиялық ынтымақтастығын кеңейту шеңберінде жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта нысанға 50 маман мен 25 техника жұмылдырылды. Ең жоғары жүктеме кезеңінде жұмысшылар саны 150 адамға дейін артады. Құрылыста отандық өндіріс материалдары кеңінен қолданылады. Мектептің ашылуы 100-ге жуық жаңа жұмыс орнын құрып қана қоймай, Шалқар теміржол торабының және бүкіл аудан тұрғындары үшін сапалы демалыс, оқыту ортасын қамтамасыз етеді.

ЖАҢА ТЕХНИКАЛАР АЛДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



«Теміржол жөндеу» ЖШС жол машиналары паркін жаңғырту және заманауи теміржол техникасын енгізу жұмыстарын жалғастыруда.

Өндірістік ба-
заны жаңарту ая-
сында Қытайдан
жол жұмыстарына
арналған жоғары
өнімді жол маши-
налары мен Ду-
оматтар сатып
алынды. Аталған
кешен – теміржол
құрылысы, жөндеу
және ағымдағы күтіп
ұстау жұмыстарына
арналған үздіксіз
циклді түзету-тығыз-
дау-ажарлау машинасы
қызметтерін атқарады.
Бұл техника теміржол
жолын автоматты түрде
түзетіп, шпал астындағы
балласты тығыздауды
қамтамасыз етеді. Жаңа
кешен өндірістік жұмыс-
тарды орындау үшін
«Теміржол жөндеу» ЖШС-
нің Молдовадағы филиалына
жіберілді.



СТАНЦИЯ ЖОЛДАРЫ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Түбек темір жолында бекеттер мен станциялар жолдарын жаңғырту қарқын алған. Мәселен, Бейнеу – Маңғыстау учаскесінің сегіз бекеті осындай жаңғыртудан өтпек.

Нәтижесінде пойыздарды өткізу қабілеті артып, бұл көрсеткіш 12-ден 17 жұп пойызға дейін ұлғая түспек. Жоба Мемлекет басшысының көлік-логистика әлеуетін дамыту жөніндегі тапсырмалары аясында өткен жылы қолға алынып, құрылыс жұмыстары басталған еді. Қазір Бейнеуде «Б» паркін, №2,4,6,10,12,13,15 бекет станцияларында қабылдау-жөнелту жолдарын салу және қолданыстағы жолдарды ұзарту жұмыстары жалғасып жатыр. Тарқатып айтсақ, 1050 метрден кем болмаған қабылдау-жөнелту жолдары, Бейнеу «Б» паркінде жеті жол, №2, 6, 10, 12 бекеттерде бір жолдан салынған. Қолданыстағы жолдарды ұзарту жұмыстары №2,4,6,10,12,13,15 бекеттерінің теміржол нысандары бойынша жүргізілген.

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің инфрақұрылымды дамыту бөлімінің бастығы Болат Абатаевтың айтуынша, бүгінде түбек теміржолындағы станция жолдарының ұзындығы өтіп жатқан вагондар санына толық жеткілікті. Дегенмен жоғарыда аталған жоба бойынша алдағы уақыттағы жұқ тасымалы мүмкіндіктерінің артуына байланысты жолдар жаңғыртуды қажет етеді.

– Қазір біздегі станция жолдарының ұзындығы 57-58 шартты бірлік және ол вагондар санын еркін сыйдыра алады. Бұл жобаның жалпы мақсаты контейнерлік ұзартылған жұқ пойыздарын кедергісіз өткізу болғандықтан болашақтағы жұқ тасымалының артуын, контейнерлік пойыздардың көбеюін ескеріп, станция жолдарының барлығын ұзартуды жоспарлап отырмыз. Қосымша жолдарды салып, сыйымдылығын 71 шартты бірлікке дейін жеткіземіз. Осы жұмыстар «Теміржол жөндеу» ПМС жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күшімен жасалып жатыр. Құрылыс-жөндеу жұмыстарына жүзден астам адам, бірнеше мамандандырылған техника тартылған. Оның ішінде төрт автокран, бір жол төсейтін кран, сегіз жол төсемін жасайтын техника мен 14 автокөлік бар, – дейді Болат Абатаев.

Сондай ақ ол Бейнеу – Шалқар аралығында жартылай автоблантау жабдығын толық автоблантау жабдығына ауыстыру үшін 268 км траншея қазылып, кабель төсеу жұмыстары да жүргізіліп жатқанын айтады.

«БАҚТЫ-АЯГӨЗ» ТЕЛІМІНДЕ ҚЫЗУ ҚҰРЫЛЫС

Семей магистральдық желі бөлімшесінің директоры Айдын Шәукежанов бастаған бір топ теміржолшы облыстық әкімдік өкілдерімен бірге «Бақты-Аягөз» жаңа теміржол желісінің құрылысы жүргізіліп жатқан аумаққа барып, атқарылып жатқан жұмыс барысын қадағалап қайтты.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Қазіргі күні тың жоба күнгеі өңірде қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Жаңа желінің 85,3 шақырымы Мақаншы ауданы аумағы арқылы өтеді. Арнайы топ құрылыс жүргізіп жатқан Қытайдың «China Harbour Engineering Company Ltd» компаниясы басшылығымен жүзесті. Қазіргі таңда теміржол құрылысының жалпы аумағында 1137 адам мен 740 техника жұмылдырылған. Соның аясында Ай, Шыңқожа, Таскескен, Шолпан, Текебұлақ, Үржар және Бақты аумақтарында арнайы вахталық қалашықтар дайындалған. Болашақта бұл жерде осы атаулармен жаңадан теміржол станциялары бой көтеретін болады.

Жаңа желі 43 жер пайдаланушының жалпы аумағы 846 гектардан асатын жер телімдері арқылы өтеді. Осыған байланысты мемлекет мұқтажы үшін арнайы акт рәсімдеу жұмыстары жүріп жатыр. Сондай-ақ өңір бойынша құрылысқа қажетті материалдарды өндіру үшін 9 карьер белгіленген. Оның ішінде бірнеше учаске ұзақ мерзімге жалға берілген жерлер аумағына кіреді.

Жоба аясында жаңадан ашылатын Бақты станциясы аумағында құрғақ порт пен индустриалық және логистикалық аймақтарды дамыту жоспарланып отыр. Бұл өңірдің транзиттік әлеуетін арттырып, шекара маңындағы экономикалық белсенділікті күшейтуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда екі ел арасында 28 млн тоннадан астам жүк



тасымалы бар екен. Ал жаңа теміржол іске қосылғанда тағы 8 млн тоннаға дейін арттыру жоспарланып отыр. Жалпы айтқанда, 300 шақырымнан асатын жаңа желі – еліміз үшін маңызды стратегиялық жоба. Абай облысының Аягөз, Үржар, Мақаншы аудандарының аумағынан өтетіндіктен жолаушы тасымалы бойынша да

айрықша саналады. Жалпы, бұл жолғы сапар барысында айқындалғандай, инвестор компания құрылыс барысын қарқынды жүргізуде. Оларға жергілікті атқарушы билік тарапынан да көмек көрсетілуде. Ал құрылыс барысы Семей магистральдық желі бөлімшесі басшылығының бақылауында тұр. *Суреттерді түсірген автор*

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАНҒАН



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінде жазғы жол жұмыстарын ұйымдастыруға арналған жиын өтті. Басшылық құрам мен салалық қызмет өкілдері қатысқан басқосуда 2026 жылға жоспарланған күрделі жөндеу, бағыттамамы бұрмаларды ауыстыру, сигнализация және байланыс құрылғыларын жаңарту жұмыстары талқыланды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Темірғали Құштаев жиында биылғы маусымда атқарылатын негізгі міндеттерге тоқталды. Жоспарға сәйкес мердігер мекеме «Теміржол жөндеу» мекемесінің күшімен 56,9 шақырымнан астам жолға күрделі жөндеу жүргізілмек.

– Негізгі жұмыстар Орал, Никельтау, Қандыағаш және Біршоғыр жол дистанцияларында жүргізіледі. Қандыағаш жол дистанциясында Бақай – Тоқмансай және 312-313 разьезд аралығындағы учаскелерде 25 шақырымнан астам жол құр-

делі жөндеуден өтеді. Никельтау – Жазық, Жилаево – Пойма, Құдық – Жем аралықтарында да теміржол инфрақұрылымы жаңартылады, – деді Темірғали Құштаев.

Сонымен қатар биыл 98 бағыттамамы бұрманы жаңасына ауыстыру жоспарланған. Оның ішінде Қандыағаш дистанциясына – 29, Ақтөбеге – 20, Шалқарға 16 бағыттама орнату қарастырылған. Бірқатар учаскеде ескі бағыттамамы жаңартылып, орташа және күшейтілген орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Жоспарға сәйкес ескі рельс желілерін ауыстыру, рельс дәнекерлерін қалпына келтіру,

қоршауларды жөндеу, балласт қабаттын терең тазарту, жол қиысқтарын талапқа сәйкестендіру секілді жұмыстар да атқарылады. Қазіргі таңда бірқатар бағыт бойынша жоспар артығымен орындалған. Мәселен балласт қоршауларын жөндеу көлемі де жоспардан асып түсті.

Жиында сигнализация және байланыс шаруашылығындағы жұмыстарға да ерекше назар аударылды. Төрт ай ішінде құрылғыларды жаңарту, релелер мен электрқозғалтқыштарды ауыстыру, кабель желілерін жөндеу және техникалық сенімділікті

арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілген. Әсіресе Қандыағаш, Шалқар, Илецк және Орал учаскелерінде тозығы жеткен құрылғыларды жаңарту, монтаж жүйелерін біріздендіру және заманауи қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіру жұмыстары кезең-кезеңімен атқарылуда.

Жиын барысында жазғы жол жұмыстары кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жөндеу сапасын бақылау және жұмыстарды белгіленген мерзімге аяқтау мәселелері де қаралды. Басшылық тарапынан барлық құрылымдық бөлімшелерге жоспарланған жұмыстарды сапалы әрі уақытылы орындау тапсырылды.

БАЛҚАШ БАҒЫТЫНА – ҚОСЫМША ПОЙЫЗ

Жаз маусымының басталуымен Қарағанды өңіріндегі ең танымал туристік бағыттардың бірі – Балқаш көліне қатынайтын көлік қатынасы кеңейтіледі. 1 маусымнан бастап Қарағанды – Балқаш бағыты бойынша №220/219 қосымша жолаушылар пойызы жолға шығады.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Бұл шешім жаз мезгілінде жолаушылар ағынының дәстүрлі түрде артуы ескеріле отырып қабылданған. Жаңа пойыз құнара, яғни тақ күндері қатынамақ. Құрамында алты вагон қарастырылған: екі купе және төрт плацкарт вагоны. Бұл жолаушыларға

қолайлы әрі қолжетімді сапар мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Теміржол қатынасымен қатар жаз айларында Балқашқа әуе рейстері де ашылмақ. Маусымнан тамызға дейін Алматы – Балқаш – Алматы және Астана – Балқаш – Астана бағыттары бойынша тікелей субсидияланатын рейстер іске қосылады. Облыстық туризм басқармасында атап өткендей, теміржол және



әуе қатынасының дамуы Балқаш көлінің жағалауына қолжетімділікті арттыруға және туристер үшін жайлы жағдай қалыптастыруға бағытталған.

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР АЛАҢЫ

«Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» филиалында «Қозғалыс қауіпсіздігінің мәдениеті – Үздік тәжірибелер» атты екі күндік байқау-семинар ұйымдастырылды. Онда құрылымдық бөлімшелердің тың жобалары талқыланып, маңызды мәселелер көтерілді.

Ардақ ҰСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Іс-шараның алғашқы күнінде қатысушылар үшін оқу-тренингті ұйымдастырылып, қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі басқарманың сарапшысы Мақпал Ержанова «Мақсатқа жетудің 5 қадамы – SMART» тақырыбында топтық жұмыс жүргізді. Сондай-ақ конкурскқа қатысушы 4 команда үй тапсырмасы бойынша өз тораптарындағы қозғалыс қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған «Үздік тәжірибелерін» таныстырды. Атап айтсақ, Тараз торабының «Экспресс-Тараз» командасы – «Вакумдық ажыратқыш 27,5 кВ ЖИ-ВВ-27,5(35)-2», Шудың «Сапсан» тобы – «Шу станциясындағы «Г» паркін дамыту», сарышағандық «Ақ жол» – «Сарышаған станциясындағы жұп паркін қалпына келтіру», «Түркісіб тарландары» – «РС 830 микропроцессорлық релелік қорғаныс және автоматика құрылысы»



жобаларын қорғап шықты.

Жалпы семинар-байқауда ұсынылған тапсырмалар мен тақырыптар өзара тәжірибе алмасып, өндірісте кездесетін түйткілді мәселелерді талқылауға көп мүмкіндік берді. Айталық, «Қозғалыс қауіпсіздігі мәдениеті – біздің іргетасымыз» бағытындағы «Анализді дұрыс құрастыру» кейстерін талдау талабы – темір жол бойындағы қозғалыс кезінде орын

алған жайттарды сараптайтын ашық пікір алаңы іспетті болды.

– Қауіпсіздік талаптарын сақтау деген – тек қана ережелерді жаттап, нұсқауларды орындау емес. Теміржол саласындағы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру – әрбір қызметкердің күнделікті әдетіне, өмірлік ұстанымына айналуы тиіс. Біз әр маманға теориялық тұрғыда білімін жетілдіріп, тәжірибе жүзінде өзін сынап көруге мүмкіндік беруді мақсат тұттық. Сондықтан пойыздар қозғалысы барысында кездесетін проблемаларды тақырып ретінде таңдап, талдауға ұсындық, – дейді «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» филиалының директоры Асқар Жексембиев.

Байқау жеңімпаздарын анықтау сәтінде «ҚТЖ-Жұқ тасымалы» ЖШС «Жамбыл» филиалының директоры Айдын Сейтбенбетов бұл конкурс – жай ғана жарыс емес, бұл ортақ мәселелерді шешудің жаңа жолдарын іздейтін нағыз кәсіби алаңға айналғанын атап өтті. Комиссия құрамында болған «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының Инфрақұрылымдық қауіпсіздік департаменті өкілдеріне үздік команданы анықтау оңайға түскен жоқ.

Тараз, Шу, Түркісіб және Сарышаған тораптарынан құралған 4 команда да бір-біріне дос бермеді. Алайда ұпай саны бойынша алға шыққан Сарышаған торабының «Ақ жол» командасы үздік деп танылды. *Суретті түсірген автор*

Форум

КООПЕРАЦИЯ И РАЗВИТИЕ

Новые возможности в логистике и цифровизации обсудили на бизнес-форуме «Экономическая интеграция и кооперация стран ОТГ» в Астане.

Любовь РОВБА,
Астана

Мероприятие объединило представителей государственных органов, международных организаций, в том числе СТК «Kazlogistics», торгово-промышленных палат, отраслевых ассоциаций и бизнес-сообщества Казахстана, Турции, Азербайджана, Кыргызстана, Узбекистана, Венгрии и других стран.

Центром обсуждения ста-



ли вопросы транспортно-логистического взаимодей-

ствия, цифровизации, расширения торговых связей,

привлечения инвестиций и т.д. Отдельное внимание участники форума уделили формированию единой производственной, логистической и торговой платформы кооперации, развитию транспортной инфраструктуры и расширению международных логистических маршрутов между странами тюркского мира.

Как отметили в СТК «Kazlogistics», участие представителей транспортно-логистической отрасли Казахстана в подобных международных мероприятиях способствует укреплению деловых связей, развитию транзитного потенциала страны и продвижению совместных проектов в сфере логистики и транспортной кооперации.

ЭФФЕКТИВНЫЕ КАДРЫ – ЗАЛОГ УСПЕХА



В филиале АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Дирекция перевозочного процесса» состоялся масштабный трехдневный обучающий семинар.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Интенсивный образовательный курс объединил руководи-

телей и специалистов кадровых, а также юридических служб линейных филиалов компании со всех регионов.

В рамках первого дня участ-

ники погрузились в обсуждение наиболее актуальных вопросов, в том числе по социальной стабильности, кадровому администрированию, детально разобрав регламенты и обновленный порядок приема, внутреннего перевода работников, а также других.

Особый акцент организаторы сделали на цифровизации процессов и безошибочном ведении документации. В ходе последующих дней обучения эксперты и слушатели подробно рассмотрели современные жесткие требования к оформлению кадровых документов, эффективные механизмы регулирования трудовых отношений внутри

коллективов, а также сложные правовые вопросы, с которыми специалисты кадровых служб наиболее часто сталкиваются в своей ежедневной практической деятельности.

Формат мероприятия вышел далеко за рамки классических лекций. Обучение носило интерактивный характер: участники активно обменивались мнениями, разбирали сложные юридические коллизии и делились уникальным накопленным опытом по выходу из спорных ситуаций. Проведенный детальный разбор реальных практических кейсов позволил выработать единые стандарты работы для всех линейных подразделений дирекции. Сами слушатели семинара подчеркнули, что подобные образовательные инициативы способствуют росту профессионального мастерства сотрудников.

Фото Олжаса АХМЕТОВА

ВОКЗАЛЫ СКО – НА ЗАВЕРШАЮЩЕМ ЭТАПЕ



В Северо-Казахстанской области близится к завершению реконструкция трех железнодорожных вокзалов – на станциях Жанаесиль, Тайынша и Саумалколь. Работы выполнены уже более чем на 90%, а обновленные объекты в ближайшее время будут готовы принять пассажиров в современном и комфортном формате.

На станции Жанаесиль полностью обновлен вокзал площадью порядка 570 квадратных метров. Здесь завершены строительно-монтажные работы, благоустроены прилегающая территория и перрон, установлены мебель и необходимое технологическое оборудование. Готовность объекта оценивается в 98%.

Практически завершена модернизация и вокзала на станции Тайынша. В здании площадью свыше 440 квадратных метров выполнены основные строительные работы, приведены в порядок перрон и прилегающая территория. В

настоящее время продолжается установка технологического оснащения. Степень готовности объекта также составляет 98%.

На станции Саумалколь завершаются работы по обновлению вокзала площадью более 200 квадратных метров. Основной объем строительно-монтажных работ уже выполнен, специалисты занимаются финальным оснащением помещений. Готовность объекта достигла 92%.

В рамках реконструкции вокзалы получают современные залы ожидания, обновленные санитарные помещения

и удобную систему навигации для пассажиров. Особое внимание уделяется созданию безбарьерной среды и обеспечению комфортных условий для маломобильных граждан.

Модернизация железнодорожных вокзалов направлена на повышение качества обслуживания пассажиров и развитие транспортной инфраструктуры региона. Обновленные объекты должны стать более удобными, безопасными и доступными для жителей и гостей Северо-Казахстанской области.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

ВЕСЕННИЙ КОНТРОЛЬ



В Костанайском регионе подвели итоги ежегодного весеннего комиссионного осмотра.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

В регионе весенний осмотр проводился с 13 по 30 апреля. Цель ежегодного традиционного месячного мероприятия – произвести осмотр, проверку оборудования и техники после выхода из зимы на всех станциях и предприятиях региона. В ходе осмотра руководители предприятий и начальники станций оценили, в каком состоянии вышли предприятия из зимы, а также выявили и наметили ряд необходимых мероприятий, которые необходимо произвести в регионах в рамках подготовки к лету, а также к следующей зиме. В ходе весеннего комиссионного осмотра были проверены все 69 станций региона, два основных и три оборотных локомотивных депо, три восстановительных, четыре противопожарных поезда, а также порядка 30 предприятий.

Традиционно в период весеннего осмотра члены комиссии произвели тщательное обследование всех подразделений. Определили состояние инфраструктуры, подвижного состава, производственно-технических объектов, технических средств и сооружений, зданий, подъездных путей и выявили имеющиеся

отклонения в их содержании. Также было проверено состояние безопасности движения, охраны труда, противопожарной безопасности, особое внимание уделяется проверке исправности работы приборов, непосредственно обеспечивающих безопасность движения поездов, и противопожарных устройств. Помимо этого, было изучено состояние охраны труда, выявлены и будут устранены недостатки в обеспечении безопасности работающих.

В период весеннего осмотра работа нацелена на постоянное улучшение условий охраны труда на рабочих местах, предупреждение производственного травматизма и заболеваемости. Не менее важной задачей является оценка готовности локомотивного парка к эксплуатации в наступающем летнем сезоне. У локомотивов проверили работу всех систем. Участники весеннего комиссионного осмотра приняли все меры по устранению обнаруженных недостатков и нарушений, рассматривают вопросы и предложения работников, поступившие в ходе осмотра. Также в ходе весеннего осмотра руководителями предприятий и станций особое внимание было уделено вопросам улучшения содержания местных объектов железнодорожной инфраструктуры,



использования современных информационных и логистических технологий, автоматизации бизнес-процессов, реализации планов молодежной и кадровой политики.

На итоговом совещании, посвященном завершившемуся весеннему осмотру, было отмечено, что в настоящее время предприятия по возможности проводят те или иные традиционные весенне-летние мероприятия. Был также отмечен профессионализм костанайских коллективов железнодорожных предприятий, которые благодаря слаженной и эффективной работе своих сотрудников успешно достигают цели, поставленные перед костанайскими железнодорожниками руководством компании.

Фото автора

Цифровизация

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ МОНИТОРИНГ

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

В Казахстане продолжается цифровая трансформация железнодорожной инфраструктуры. Одним из новых шагов в этом направлении стал пилотный проект по внедрению технологии «цифрового двойника» для мониторинга состояния железнодорожного моста на перегоне Боктер – Капчагай.

Инновационная система позволит в режиме реального времени отслеживать техническое состояние сооружения и повысить безопасность движения поездов.

Пилотный проект реализуется АО «НК «КТЖ» в рамках цифровизации отрасли. В работе участвуют филиал АО «НК «КТЖ» – «Проектно-конструкторское бюро», а также BMI Engineering и Anhalt International University. Основная задача проекта заключается в переходе от традиционных периодических обследований инфраструктуры к системе непрерывного мониторинга и предиктивного обслуживания (Predictive Maintenance).

Для контроля состояния железнодорожного моста длиной 110 метров на объекте установлены шесть специальных датчиков. Они в круглосуточном режиме фиксируют вибрации, колебания и изменения наклона конструкций. Анализ поступающих данных позволяет своевременно выявлять потенциальные дефекты, оценивать текущее техническое состояние сооружения и отслеживать возможные деформационные процессы.

Кроме того, система способна автоматически отправлять уведомления при превышении допустимых параметров. Такой подход дает возможность оперативно реагировать на изменения состояния объекта и заранее планировать необходимые ремонтные мероприятия.

Внедрение технологии «цифрового двойника» станет важным этапом в развитии интеллектуальной железнодорожной инфраструктуры Казахстана. Использование современных систем мониторинга позволит повысить надежность искусственных сооружений, минимизировать риски и обеспечить более высокий уровень безопасности грузовых и пассажирских перевозок.

Фото автора



ОБНОВЛЕНИЕ ПО ГРАФИКУ

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана

Более 80 километров железнодорожного полотна капитально отремонтировано силами ТОО «Теміржол жөндеу» с начала путевых работ.

В целом в течение 2026 года подрядчик обновит 277,1 километра пути. Работы включают в себя сплошную смену рельсошпальной решетки и другие мероприятия, которые будут способствовать повышению безопасности перевозок.

На сегодняшний день годовой план капремонта ТОО «Теміржол жөндеу» выполнен на 28%. Обновлено уже 81,965 километра пути. Основной объем пришелся на подрядную организацию ПМС Бірлік – 36,18 километра, силами ПМС Актөбе отремонтировано 20,768 километра, ПМС Астана – 15,728 километра, ПУ Шар – 9,288 километра.

В компании отмечают, что капитальный ремонт является одним из основных направлений деятельности ТОО «Теміржол жөндеу», обеспечивая надежность и бесперебойность движения поездов.

Фото автора

ЖӘДІГЕРЛЕР – ӨТКЕН КҮННІҢ БЕЛГІСІ

18 мамыр – Халықаралық музей күні. Атырау жол бөлімшесіндегі мұражайдың ашылғанына да отыз бес жылға таяпты. Ол сол кездегі бөлімше басшысы Амангелді Селбаевтың бастамасымен ашылған.

Бірақ біраз жылдардан соң жабылып, экспонаттар әр жерде шашылып қалады. 2019 жылы сол кездегі бөлімше басшысы Мағауия Оразқұлов музейдің қажеттілігіне маңыз беріп, оған арнайы бөлме дайындап, шашылған мұраларды қайта жинақтады. Оған қоса көптеген жаңа мағлұматтарды қойылған. Бүгінде музей Атырау магистральдық желі бөлімшесі ғимаратының төртінші қабатында орналасқан.

Мұражай 4 залдан тұрады. Онда өлке темір жолының тарихынан сыр шертетін біраз көне экспонаттар қойылған. Әр залда темір жолға қарасты мекемелерге арналған экспонаттар, бұрыштар, стендтер орналасқан. Алдымен көне вагон, цистерна, теміржол көпірі макеті көзге түседі. Бұлар мұражай бөлмесінің тура ортасында тұр және әйнекті шкафтар ішінде де пойыз, паровоз, тепловоздар, ескі станциялардың макеті қабаттастырыла сәнімен қойылған. Байланыстың бастапқы кезін еске түсіретін радиостанциялар, УАТС-49 сынды іздегіштер, коммутатор, телефон-те-

леграф аппараты, авторезина, иінді кран, бұрма жабығы макеттері де, теміржол карталары да бар.

– Мынау аймақтан шыққан үш Социалистік Еңбек Ері – Л.Шахатов, Б.Кереев және А.Шүкіровтің меншік заттары, киімдері. Ал анау тұрған теміржолшы екенін танытатын әр жылдардағы арнаулы киімдер. Өлке теміржолының, бөлімше жұмысының әр жылдарынан сыр ақтаратын фотоальбомдар да бар. Соңғы уақытта қазақстан шыққан тұңғыш «Құрметті теміржолшы» Б.Орақовқа және сала майталманы Ж.Ізғұлдық арналған бұрыш ашылып, олар отбасылық жәдігерлермен толықты, – дейді музей қызметкері Базарлым Хансұлтанова.

Музейге мектеп оқушылары, болашақ теміржол мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер, шалғай ауылдардан қатынаған қонақтар да келіп тұрады екен. Өйткені музейде материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін жинап-сақтаудың ғылыми-ағартушылық және білім-тәрбиелік маңызы зор.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

Теміржол маманы

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

Теміржол саласында әртүрлі қызметтің тізгінін ұстаған маман иелерін көптеп кездестіруге болады. Алайда, оларды байланыстыратын ортақ нәрсе, ол қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ал пойыз диспетчері үшін бұл – үлкен жауапкершілік. Кейіпкеріміз Нұрбек Жекенов – осы жауапкершілік үдесінен табыла білген маман.



«ҚТЖ» ҰК АҚ Тасымалдау процесі дирекциясының Тасымалды басқарудың өңірлік орталығы филиалына (РЦУП-3) жақында Алматыдағы орталықтан ауысып келген пойыз диспетчерін қызу жұмыс үстінде кездестірдік. Оның айналасына қарауға мұршасы жоқ. Рациямен әріптестеріне кезек-кезек шығып немесе қонырауға жауап беріп жатқаны. Үстелінің үстіндегі пойыздардың орындалатын қозғалыс кестесі жазылған үлкен бланк қағаздан оның Көкшетаудан Петропавлға дейін және Көкшетаудан Қызылтуға дейінгі аралықтың қозғалыс қауіпсіздігіне жау-

апты екенін көрдік. Бұл аралықта ол 20 шақты станция мен бекеттің жолындағы қозғалысты бақылап отырады.

– Пойыз диспетчерінің жауапкершілік жүгі ауыр. Көрші телімдердегі диспетчерлермен тұрақты байланыста боламын. Қай бағыттан қандай пойыздар келе жатқанын қадағалаймын. Станциялардан пойыздардың орналасуы жөнінде мәлімет алып отырамын. Сұрыптау станцияларындағы вагондардың санын да бақылаймын. Әрбір жолдың өз бағытына сәйкес пойыздарды құрастырамын. Оларды дайын құрам ретінде белгілі бір бағыттарға жіберу

үшін алдын ала жоспар жасаймын, – деді бізге бір сәт уақыт тауып сала маманы.

Абай облысындағы Аягөз қаласындағы мектеп-гимназияның 9-сыныбын бітірген бойда Алматы көлік және коммуникация колледжіне оқуға түіп, оны 2012 жылы аяқтап, еңбек жолын Жаңасемей станциясында бағыттама постының кезекшісі болып бастаған екен. Әрі қарай аға бағыттама пост кезекшісі, пойыз құрастырушы, дөңес кезекшісі, маневрлік диспетчер болып 2022 жылға дейін еңбек етті. Осындай мол тәжірибеммен сол жылы Алматыда ашылған РЦУП-3-те пойыз диспетчері және бөлімше бойынша кезекші болып жұмыс істеді. Ал биыл Астанаға ауысыпты.

– Темір жол – күрделі жүйе. Ондағы әр адам – сол жүйенің маңызды бір тетігі. Әр тетіктің үйлесімді жұмысы жалпы қозғалыстың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Диспетчердің негізгі міндеті – осы процессті үйлестіру. Сондай-ақ тапсырмалардың уақытылы орындалуын қадағалау. Пойыздардың қозғалысын және жолдардың жүктемесін нақты бақылауда ұстау, – дейді теміржолшы.

Он төрт жылдық тәжірибесі бар теміржолшы көптеген марапаттарға ие болып, біліктілігін арттырғаны үшін сертификаттар алған. Ол өмірде кәсібін дұрыс таңдағанына дән риза.

Райхан РАХМЕТОВА

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Спорт

ЕДИНСТВО И КОМАНДНЫЙ ДУХ

На станции Караганда-Сортировочная на стадионе «Локомотив» прошла XIX Спартакиада по летним видам спорта среди железнодорожников на призы Карагандинского филиала АО «Казпрофжел».

Спортивное мероприятие объединило работников предприятий железнодорожной сферы Карагандинской области и стало настоящим праздником спорта, здоровья и корпоративного единства.

В ходе торжественной части участников поприветствовало руководство Карагандинского отделения ГП и магистральной сети.

По словам председателя Карагандинского филиала «Казпрофжел» Яхия Альмузина, основная цель проведения спартакиады – активизация физкультурно-оздоровительной и спортивной работы в трудовых коллективах, укрепление здоровья работников, пропаганда здорового образа жизни, а также повышение имиджа профсоюзного движения.

– На сегодняшний день особое внимание уделяется подготовке и отбору сильнейших спортсменов-железнодорожников для участия в соревнованиях АО «НК «ҚТЖ», областных и республиканских турнирах.

В спартакиаде приняли участие 12 команд – более 120 человек, а именно: ТЧЭ-14 Караганда, узел Жанаарка, узел Акадыр, ВЧД-13 Караганда,

ЭЧ-11 Караганда, АО «Вагонсервис», НЖС-4 аппарат, узел Балхаш, Пассажи́рские перевозки КУ «Северный», ГПФ-4, ШЧ-19 Караганда и ПЧМ «Акадыр».

Программа соревнований включала соревнования по гиревому спорту, арқан тарту, настольному теннису и легкоатлетическому кроссу.

– Проведение подобных мероприятий способствует укреплению корпоративного единства, развитию массового спорта и популяризации здорового образа жизни среди железнодорожников Карагандинского региона, – подчеркнул Яхия Альмузин.

Так, первое общекомандное место заняла команда ТЧЭ-14 Караганда, второе – узел Жанаарка и третье – узел Акадыр.

В личных соревнованиях по настольному теннису первое место завоевал работник узла Акадыр Сырым Ширыйпаев, второе – Мурат Тоқанов – ВЧД-13 Караганда и третье – Каламбек Медияров из ТЧЭ-14 Караганда. По настольному теннису среди женщин первое место присуждено Галине Золотухиной из



ТЧЭ-14 Караганда, на втором – работник узла Акадыр Алуа Болатқызы, на третьем – Гульбану Жумабекова из ВЧД-13 Караганда.

В гиревом спорте первое место занял Николай Сидоренко – ТЧЭ-14, второе – Данил Шершев (ТЧЭ-14) и третье – Владимир Попович (узел Акадыр). В соревнованиях по арқан тарту первое место присуждено ТЧЭ-14 Караганда, второе – ВЧД-13 Караганда и третье – узел Жанаарка.

По итогам спартакиады общекомандное первое место заняла ТЧЭ-14 Караганда, второе – узел Жанаарка и третье – узел Акадыр.

По итогам спартакиады команды, занявшие призовые места в общекомандном зачете, были награждены памятными кубками и дипломами. В свою очередь победители и призеры отдельных видов программ получили кубки, дипломы и ценные подарки.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

Жақында Маңғыстауда Азия құрлығының чемпионаты өтті. Осынау байрақты бәсекеге кір тасын көтеруден Семей электрмен жабдықтау дистанциясының электромеханигі Аманжол Аусыдықов арнайы қатысып, ұлттық компанияның намысын қорғады.



АМАНЖОЛ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Осыған дейін де шаңғы көпсайысы, қол күресі сынды көптеген спорт түрлерінен республикалық жарыстардан бәйге алып жүрген ол осы жолы да жұлдыз жанып, бабы келісіп, жарты әлемнің спортшылары қатысқан біріншіліктің бас жүлдесін еншілеп, Азия чемпионы атанды.

Айтуынша, Өзбекстан, Тайланд, Қытай, Моңғолия, Ресей, т.б. елдерден келген құрыш білекті спортшылар сыңға түскен әлемдік додада өнер көрсету оңай болмапты. Ауыр атлетиканы серік ететін, осыған дейін ПЧ-39 мекемесінде, жол шаруашылығында жүріп шыңдалған Аманжол бұл жеңіске зор дайындық, шүмектеп төккен тердің арқасында жеттім деп отыр.

– Осымен үшінші дүркін Азия чемпионы атану бұйырды. Бәрінен де бұрын ұлттық компанияның жалауын биік мінберден желбіреткенімді мақтан етемін. Алда бұдан да зор белестер тұр. Елге жеткен соң дайындықты қайта жалғастырамын, – дейді ол. Аманжол сондай-ақ осынау бапкері жолға жетелеген рухани бапкері – бөлімшедегі «Локомотив» спорт клубының нұсқаушысы Наталья Мешкова мен зор қолдау көрсеткен ЭЧ-18 мекемесіне, демеушілік жасаған салалық кәсіподақ ұйымына, барша жанкүйер болған теміржолшылар қауымына алғысын білдірді.

Қуан ЕРТИС, Семей
Суретті түсірген автор

ОТБОР ПРОШЛИ СИЛЬНЕЙШИЕ

В Соль-Илецке в рамках отбора на корпоративную спартакиаду ҚТЖ прошли соревнования по армрестлингу, настольному теннису и дартсу среди работников предприятий Илецкого железнодорожного участка и филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк».



В соревнованиях приняли участие работники станции Илецк (ДС), пункта технического обслуживания вагонов станции Илецк (ПТО), Илецкого линейно-эксплуатационного участка электроснабжения и электрификации (ЭЧО), Илецкой дистанции сигнализации и связи (ШЧ-6), Илецкого отряда негосударственной противопожарной службы (ПП) и Илецкой дистанции пути (ПЧ-3).

Организаторами выступили инструктор по спорту Мадихан Жартыбаев и профком ИЖУ. Ежегодные традиционные соревнования проходили в красном уголке Илецкой дистанции пути и фитнес-клубе «Чемпион» города Соль-Илецка. Атмосфера царилла праздничная и дружная, недавние соперники, став на время болельщиками, искренне поддерживали игроков за теннисными столами. В итоге призовые места распределились таким образом.

Среди мужчин победителем в настольном теннисе стал пожарный Илецкого отряда негосударственной противопожарной службы Бахчан Кутлюк (ПП), второе место занял осмотровик-ремонтник вагонов ПТО Асланбек Жумағалиев, а третье – председатель профкома ИЖУ Ермек Шалабаев.

Среди женщин безусловную победу одержала электромонтер ЭЧО Альмира Беккулова, на

втором месте – электромеханик СЦБ Диана Шамгонова (ШЧ-6), третье – у инженера-технолога станции Илецк (ДС) Нури Матаевой.

Соревнования по армрестлингу проходили в красном уголке ПЧ-3 с большим эмоциональным накалом. Мужчины старательно поддерживали дам, что позволило телеграфистке ШЧ-6 Азизе Давлетгировой занять первое место, а Нурия Матаева (ДС) взяла серебро.

Ответная поддержка мужчин со стороны женщин тоже сыграла свою роль, «мальчики» старались изо всех сил. Самый сильный и выносливым оказался электромеханик Павел Грачев (ШЧ), занявший первое место, серебро досталось монтеру пути Антону Котову (ПЧ), а бронза – осмотровик-ремонтнику вагонов ПТО-Илецк Андрею Додину.

А вот по дартсу решили не определять победителей, а провести дружескую игру с показательными выступлениями мастеров и обменом опытом с новичками. По окончании соревнований все призеры награждены грамотами и памятными подарками.

Яна ЛЕНИНА, Илецк
Фото Рамили НУРЖАУОВОЙ

АТЛЕТИКА ТҮРЛЕРІНЕН ТОРАПТЫҚ ЖАРЫС

«Қазтеміржолкәсіп» ҚБ Жамбыл филиалының спорт нұсқаушыларының ұйымдастыруымен ауыр және жеңіл атлетиканың кір тасын көтеру, ұзындыққа секіру түрлері бойынша тораптық жарыстар өтті.



Тараз станциясында өткен спорттық іс-шара тартысқа толы болды. Әсіресе ауыр еңбекте шыныққан теміржолшылар кір тасын көтеруде бәсекені қыздыра түсті. Кір тасын көтеру спорты бойынша жарыстарда жүлделі орындарды Тараз көлік оқу орталығының курсанттары Қанат Нұрмұратов, Әлихан Қожан және Нұржан Айтпенбетов өзара бөлісті. Ал ұзындыққа секіру жеңіл атлетикаға жатқызылғанымен, техникалық жағынан аса күрделі. Содан да болар, олимпиадалық жүйеге енген бұл спорт түрінен үздіктерді анықтау оңайға соққан жоқ.

Кәсіподақ ұйымының спорт нұсқаушысы Евгений Тяньның айтуынша, ұзындыққа секіру – тактикадан бұрын күш пен серпінділікті талап ететін спорт. Өйтсе де, физикалық мүмкіндіктермен қатар,

психологиялық ішкі дайындық та қажет екен.

Ұзындыққа секіру кезінде ШЧ-36 Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясының жеңіл атлеттері Зарина Анарбекова мен Ақбота Ембергеноваға дес берген жалғыз спортшы «Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі» филиалының сыйлақшысы Айсұлу Сұлтанова болды.

Жарыс қорытындысында сыйлақшы Сұлтанова жеңіс тұғырына көтерілсе, дистанцияның электромеханигі Зарина Анарбекова мен инженер Ақбота Ембергенова екінші, үшінші орындарды бөлісті. Кәсіподақ ұйымының филиалы атынан жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар табыстылып, грамоталар, медальдармен марапатталды.

Ардақ ҰСЕЙІНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор



НА СТАРТЕ – МУЖЧИНЫ

В Екибастузской дистанции пути прошла спортивная эстафета, посвященная Дню защитника Отечества Казахстана. В соревнованиях приняли участие шесть команд.

Организатором мероприятия выступил профсоюзный комитет Екибастузской дистанции пути. В соревнованиях приняли участие шесть команд: производственные участки № 1, 2, 3, 4, 5 и транспортный блок. Каждая сборная состояла из пяти человек.

Участники продемонстрировали высокий уровень физической подготовки, сплоченность и стремление к победе. Соревнования прошли в дружелюбной атмосфере, способствуя укреплению командного духа и популяризации здорового образа жизни.

По итогам эстафеты призовые места распределились следующим образом: первое – заняла команда производственного участка № 2, второе – производственный участок № 3, третье место – у транспортного блока.

Айдана ЕРТАЙ
Фото автора

КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі б.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 8 000
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-707-906-79-80
Маңғыстау: Шакида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу күнілі берілді.